Түркістан облысы
Шардара қаласы
“Шардара” мектеп – лицейі

Біртұтас тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар



2024-2025 оқу жылы

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ АЛГОРИТМІ

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024 ж. №194 бұйрығымен бектілді

Мемлекет басшысының тапсырмасы:
мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңарту

(Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы)



Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.

Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар.

*Қағидамыз – **әділдік,***
*тірегіміз – **жауапкершілік,***
*мақсатымыз – **өрлеу***

Қ.Тоқаев

Тәрбие парадигмасын жаңарту

(Қазақстан Республикасы Президентінің
Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіне сәйкес)

Қазіргі қоғамның мәселелері

- Вейп
- Нашақорлық
- Лудомания
- Вандализм
- Діни экстремизм
- Буллинг
- Зорлық-зомбылық
- Ысырапшылдық

Шешу жолдары

Тәрбиенің құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдерін қолдану

Құндылықтар

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Әрекет

Танымдық компонент
Баланың әл-ауқатын анықтайтын құндылықтардың маңыздылығын білу, түсіну, сезіну

Практикалық компонент
Өмірлік жағдайларда құндылықтар қолдануды сипаттайтын дағдылар мен нақты

Эмоционалды компонент
Баланың құндылықтарын, бағдарын және мінез-құлқын анықтайтын эмоционалдық тәжірибе

Іс-шара

МЖМББС

Сыныптан тыс әлеуметтік жобалар

Алдын-алу шаралары

Құзыреттілік

- Ұлттық мүдделерді насихаттау
- Тиімді коммуникация
- Қоғамға қызмет
- Азаматтық парыз
- Инновациялық ойлау
- Жасампаздық

Нәтиже

Парасаттылық, адалдық және инновация мәдениетін қалыптастыру

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ ПРОЦЕСІ

МЖМББС күтілетін нәтижелер

Үлгілік оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары

Оқулық



Оқу әрекетін ұйымдастыру

Сыныптан тыс

Сынып сағаттары

ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЙЛАРҒА БӨЛІНІСІ

Қыркүйек

ЕҢБЕККӨРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Қараша

ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Қаңтар

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Наурыз

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Мамыр

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Шілде

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Қазан

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Желтоқсан

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Ақпан

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Сәуір

ЕҢБЕККӨРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Маусым

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Тамыз

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЕНГІЗУ

Жобалар

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары

«Қамқор»

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Еңбегі адал - жас өрен»

Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«SMART BALA»

Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Шабыт»

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Ұшқыр ой алаңы»

Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Балалар кітапханасы»

Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру



2024-2025 оқу жылының
I жарты жылдығында
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
атқарылған іс-шаралар туралы
мәлімет

2024 - 2025 оқу жылының басында жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Сынып комплектісі – 64. Жоғары сыныптар – 37, бастауыш сыныптар – 24, МАДТ – 3.

29.08.2024 ж. Қазақстан Республикасының білім күнін атап өту бойынша **«Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!»** тақырыбында оқушылар сынып жетекшілерімен кездесу, сынып бөлмелерімен танысу, оқулықтар тарату бағдарлау сабақтары өткізілді.

Сынып жетекшілер мен оқушылар кездесу барысында жазғы демалыс кезінде өткізген қызықты сәттерімен бөлісіп, биылғы жаңа оқу жылын асыға күткендерін, яғни ыстық ұяларын, сыныптастарын сағына келгендерін айтып, көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне қайтты.







01.09.2024 ж. күні «Шардара» мектеп-лицейінің алаңында 1-11 сынып оқушыларына 1 қыркүйек – «Білім күні»**, «Мектебім - мейірім мекені»** атты салтанатты жиын өткізілді. Жиынға ауданымыздың құрметті қонақтары қатысты. Салтанатты жиынын мектеп-лицей директоры Сапаров Жанат Әуелтайұлы ашып, ұстаздар мен оқушыларды алғашқы білім күнімен құттықтады. Салтанатты жиынның қонақтары аудан әкім орынбасары Шомпиев Бауыржан Қуанышбайұлы, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ілесов Қыстау Інайұлы, аудандық аналар кеңесінің төрайымы, ардагер ұстазымыз Айдарова Жаңылай Зияшқызы және аудандық ардагерлер кеңесінің жанындағы әжелер алқасының төрайымы, ардагер ұстазымыз Исаева Гулзакира Дауланбеккызы, мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Мархабай Мұсахан ағайымыз, ата-аналар комитетінің төрағасы Лаханов Сабит, Полиция қызметкері Танабай Данияр қатысып, өздерінің жүрек жарды тілектерін айтты.

Алғашқы қоңырау іс-шарасына оқушылар белсене қатысты. 1 сыныпқа алғаш қадам басқан бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға салып, жиынға қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

1-қыркүйек – Білім күні

«Мектебім - мейірім мекені» тақырыбы аясында салтанатты жиын өткізілді.

1 қыркүйек – Білім күні!
“Мектебім – мейірім мекені”





1 қыркүйек – Білім күні!
“Мектебім – мейірім мекені”







1 қыркүйек – Білім күні!
“Мектебім – мейірім мекені”





1 қыркүйек – Білім күні!

“Мектебім – мейірім мекені”







02.09.2024 ж. "Шардара" мектеп-лицейінде 2024-2025 оқу жылы 2-қыркүйек "Білім күні" мерекесіне орай, "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында **«Менің Отаным - Қазақстан!»** тақырыбында 1-11 сынып оқушылар арасында мемлекеттік әнұранмен басталып, сынып сағаттары өткізілді. Сабақ барысында оқушылар Отан туралы өз ойларын ортаға салып, Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп келе жатқан нағыз бақытты екендерін айтты. 9"А" сынып жетекшісі Г.Сахова, 7"Б" сынып жетекшісі С.Жексенбаева өз сынып оқушыларымен «Менің Отаным - Қазақстан!» тақырыбында қызықты тәрбие сағатын өткізді. Менің Отаным - Қазақстан. Әрбір адамға өзінің отбасы ыстық болса, Отаны да адам баласына сондай ыстық. "Отан үшін отқа түс күймейсің!"

9 "А" сынып жетекшісі Г. Сахова, өз сынып оқушыларымен «Менің Отаным -Қазақстан!» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.







7 "Б" сынып жетекшісі С.Жексенбаева өз сынып оқушыларымен «Менің Отаным -Қазақстан!» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.









04.09.2024ж. Өзін-өзі басқару ұйымы бойынша «Өркен» ұлдар кеңесі құрылып жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп-лицей директоры Ж.Сапаров, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары С.Динасилов пен Г.Ахатова, педагог-психолог Ф.Жумабаева, мектеп медбикесі К. Игиликова қатысты.

Мақсаты ержігіттің қалай болу керектігі, үлкен-кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, қалай қамқорлық жасау, отбасы мен ел-жұртына қалай өнеге болу, сонымен қатар мектеп ережесіне бағыну, білім алып отырған білім ордасының абыройын асқақтату үшін бар күш-жігерін аянып қалмауға, өз Отанына сатқындық жасамауға, қалай азаматтық таныту секілді істерге бағыт-бағдар беру.

Сынып сағатындағы қауіпсіздік сабағы









Сынып сағатындағы қауіпсіздік сабағы











“Адалдық, парасаттылық - адамдықтың белгісі”
Бірыңғай тәрбие сағаты







«Дені саудың – тәні сау»

Шардара Мектеп-лицейі қазір Шардара Мектеп-лицейі Кітапханасы және тағы 14 пайдаланушымен бірге.
27 Қыркүйек, 12:52 ·

БІРТҰТАС_ТӘРБИЕ_БАҒДАРЛАМАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ_ФЕСТИВАЛІ

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты "Шардара" мектеп-лицейінің дене шынықтыру пән мұғалімдері оқушылармен "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында 20 қыркүйек күні білім денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында
"Дені саудың - тәні сау" атты денсаулық фестивалін өткізді.

Адамның денсаулығы — қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке ерікшен құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркөнері, балалар, сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан сендердің таңдауларың — салауатты өмір салтын сақтау. Дені сау адам — табиғаттың ең қымбат жемісі.

Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі.
Өміріңіз — өз қолыңызда. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты.













«Ақылы дария –қариялар»

Шардара Мектеп-лицейі қазір Шардара Мектеп-лицейі Кітапханасы және тағы 8 пайдаланушымен бірге.
30 Қыркүйек, 19:48 ·

#Бір_тұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#1_қазан_Халықаралық_қарттар_күні_
#Ардагерге_құрмет_ұрпаққа_міндет_

Түркістан облысы, Шардара ауданының білім бөліміне қарасты "Шардара" мектеп-лицейінің 3 "В" сыныбының жетекшісі М.Тулемисова өз сынып оқушыларымен 1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай "Ақылы дария - қариялар" тақырыбында тәрбие сабағын өткізді.... **Әрі қарай**









17 2 комментарий

“Дублер күні” іс-шарасына дайындық

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Шардара Мектеп-лицейі Кітапханасы** және **тағы 10** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 25 Қыркүйек ·

#Біртұтас_тәрбие_
#Дублер_күні
#Өзін_өзі_басқару_ұйымы

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты "Шардара" мектеп-лицейінің 2024 ж 25 қыркүйек күні "Өркен" өзін-өзі басқару ұйымының жиыны өткізілді. Тәлімгер А.Сманованың жетекшілігімен өткізілген өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелерімен жылдық жоспары талқыланып, даталы күндерге іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланды."Ұстаздар күні" мерекесіне арналған "Дублер күні" іс-шарасына дайындық жүргізіліп, ... **Әрі қарай**



1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай, зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздарды құрмет тұтып, әрқашан еске алып, жыл сайын құттықтап, үйлеріне барып көмек беріп, оқушыларымыз өлең шумақтарын айтып, өз қолдарымен жасаған арнайы құттықтау қағазы мен гүл шоқтарын табыстады.





5 қазан – Ұстаздар күні

Шардара Мектеп-лицейі қазір Шардара Ауданының Білім Бөлімі және тағы 5 пайдаланушымен бірге.
4 Қазан, 17:13 ·

#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#5_Ұстаздар_күні_
#Шардара_мектеп_лицейі_

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...» атты тақырыпта мектеп – лицейіміздің кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан әріптесіміз кіші топ оқырмандарымен жоғарғы деңгейде іс – шара өтті.



5 қазан Ұстаздар күніне орай, зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздарды құрмет тұтып, оқушыларымыз өлең шумақтарын айтып, өз қолдарымен жасаған арнайы құттықтау қағазы мен гүл шоқтарын табыстады.

Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата - бабадан келе жатқан салтымыз, ардагер ұстаздарымыздың ақыл-кеңестері мен тәлім - тағылымдары біз үшін орны бөлек.





Мектепішілік «Өнерлі ұстаз-2024» байқауы

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 6** пайдаланушымен бірге.

2024 ж. 8 Қазан ·

#Бір_тұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Өнерлі_ұстаз_2024_
#мектепішілік_байқау_

Түркістан облысы, Шардара ауданының білім бөліміне қарасты "Шардара" мектеп-лицейінің мұғалімдері арасында 8 қазан күні "Өнерлі ұстаз - 2024" мектепішілік байқауы өткізілді.

Мақсаты: мектеп мұғалімдерінің кәсіптік деңгейін, шығармашылығын дамыту;

Байқау барысында ұстаздар өз өнерлерін, кәсіби біліктілігін ортаға сала отырып, белсенді қатыса білді. Байқау нәтижесінде қазылар алқасы озып шыққан өнерлі ұстаздарды жүлделі орындармен марапаттады.

Берілген шарттарды жоғары деңгейіде орындап, қарсыластарынан оқ бойы оза шауып, белсенділік танытқаны үшін Ұлжан Тастанбекова Бас жүлдені иеленді.

Мектеп-лицей директоры Ж.Сапаров "Бас жүлде" иегері Ұ.Тастанбековаға аудандық байқауға қатысып, мектебіміздің абыройын асқақтатып, жүлделі орынмен оралуына тілек білдірді.











Мектепішілік «Өнерлі ұстаз-2024» байқауы













Оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі Үмбетова Эльмира әріптесіміз «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Буллингтен қорған!» қауіпсіздік сабағын өтті.





Оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Жас шебер» үйірмесінің жетекшілері Жамалхан Гаухар және Ибримов Серғазы әріптестеріміз «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Ертегілер еліне саяхат» атты тақырыбында "Аю мен бал арасы" ертегісін жоғарғы деңгейде, кіші топпен іс – шара өтті.





Оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға қазақтың ұлттық ойындары мен салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатында «Шыныққан – шымыр боласың» атты тақырыпта «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Найза - Ядро», «Жас футболшы», «Волейбол», «Баскетбол» үйірмесінің жетекшілері жоғарғы деңгейде спорттық іс-шарасын өтті.





Оқушылар күзгі каникулда атты тақырыпта Қазақстандық мектептерде бірінші тоқсан аяқталуына орай, оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша бүгін, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осы мақсатта ата-аналармен бірге жол-көлік жарақаттарының алдын алу іс-шараларына, мектептің ішкі тәртібін сақтау, балалардың көшеде қауіпсіздігі, үйдегі өрт қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік шараларына ерекше назар аудару туралы іс-шарасы өтті.





27.11.2024 ж. күні **«Баланың басты ұстазы – ата-ана»** тақырыбында
бітіруші сыныптардың «ҰБТ» , тәртібі мен тәрбиесі аясында өткен
мектепішілік ата-аналар жиналысы
А.Есенбаева – тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.
«Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» тақырыбында баяндама жасады.













«Баланың басты ұстазы ата-ана» ата-аналар жиналысы

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гулнур Ахатова** және **тағы 12** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 27 Қараша ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Баланың_басты_ұстазы_ата_ана_
#ата_аналар_жиналысы_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде ата-аналарға балаларды ҰБТ-ға даярлаудың психологиялық негіздерімен таныстыру, ата-аналар мен балалардың ҰБТ жөнінде түсініктерін кеңейту мақсатында «Баланың басты ұстазы – ата-ана» тақырыбында бітіруші сыныптардың «ҰБТ», тәртібі мен тәрбиесі аясында «Студия форматында» жоғарғы деңгейде ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Ата – аналардың пән мұғалімдерімен кездесуі.
«Менің балам қандай?»

2. «Бала тәрбиесіндегі ата ана рөлі. Баяндама ДТЖЖО А.Есенбаева
Мектеп инспекторы полиция капитаны, Қ.Тілеуов

3. «Болашақта пайда болатын және жоғалатын мамандықтар» директордың бейіндік оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Қалшабеков

4. «ҰБТ бойынша ақпарат» директордың лицей сыныптарының бейіні бойынша орынбасары А.Асылбекова

5. «Ұлттық бірыңғай тестке психологиялық қолдау, сүйемелдеу», психологиялық тренинг, педагог-психологы Ф.Жұмабаева

6. Қорытындылау. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Дарменова

7. Әртүрлі мәселелер.











Шардара аудандық білім бөлімінің 10.12.2024ж №2228 санды хатына сәйкес, «Шардара» мектеп – лицейінде суды үнемді тұтынудың күнделікті өмірде қаншалықты маңызды екенін түсініп, экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Судың адам өміріндегі маңызы» атты тақырыпта 7 «Д» сыныппен, сынып жетекшісі Үмбетова Эльмира әріптесіміз сынып сағатын өтті.



Шардара аудандық білім бөлімінің 10.12.2024 ж. №2228 санды хатына сәйкес, «Шардара» мектеп – лицейінде суды үнемді тұтынудың күнделікті өмірде қаншалықты маңызды екенін түсініп, экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында «Судың да сұрауы бар» атты тақырыпта пікірсайыс өтті. Жетекшісі Сатылғанова Мадина



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесін атап өтуге арналған айлық іс – шары құрылып жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде.


Сонымен қатар, «Қанаты кең, құшағы ыстық Қазақстаным» атты жас ақындардың шығармашылық кешін үйірме жетекшілері Сатылғанова Мадина, Үмбетова Эльмира және Адилбеков Сүлеймен әріптестеріміз жоғарғы деңгейде ұйымдастырып өтті.





Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесін атап өтуге арналған айлық іс – шары құрылып жоспар бойынша «Бір шаңырақта жасаймыз...» атты мектепішілік оқушылар арасында фото суреттер көрмесінрме жетекшілері Г.Жамалхан, Р.Тилеуова және С.Ибраймов әріптестеріміз ұйымдастырды.





Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесін атап өтуге арналған айлық іс – шары жоспары бойынша Сатылғанова Мадина әріптесіміз тәрбие сағатын өтті.



“Тәуелсіз елдің ұландары” атты мерекелік кеш

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гулнур Ахатова** және **тағы 14** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 13 Желтоқсан, 15:53 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Тәуелсіз_елдің_ұландары_
#Мерекелік_кеш_
#жас_ұлан_
#жас_қыран_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде Еліміздің Тәуелсіздік жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың ерлігін үлгі етіп көрсету мақсатында «Тәуелсіз елдің ұландары» мерекелік кеште, Қазақстан Республикасының жас ұрпағын патриоттық рухта тәрбиелеу, азаматтық жауапкершілікке баулу, шығармашылық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету мақсатында яғни, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 33 жылдығы қарсаңында, «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты қабылдау шарасы барысында ұйымға қабылданушылар отансүйгіш болуға, ел мен жерді, ата-ананы қадірлеуге, оқуда озат, еңбекте адал болуға, табиғатты аялауға, "АНТ" берді. «Жас Ұлан» ұйымына 5 сынып аралығында 28 оқушы. «Жас Қыран» ұйымына 25 оқушыны қабылда¬нып отырған оқушыларға мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері мен "Адал ұрпақ" ұйым мүшелері галстук пен төсбелгі тақты.

Мектеп – лицей тәлімгері Сманова Айгуль және ұйымдастырушы педагог Базарбаева Айгерім әріптестеріміз жоғарғы деңгейде ұйымдастырып өтті.







“Ата-бабалар мұра еткен Тәуелсіздік” атты дөңгелек үстел

Шардара Мектеп-лицейі қазір Гулнур Ахатова және тағы 13 пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 18 Желтоқсан, 12:28 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#16_Желтоқсан_Тәуелсіздік_күніне_арналған_
#Ата_бабалар_мұра_еткен_Тәуелсіздік_
#дөңгелек_үстел_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде 16 Желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу мақсатында «Тәуелсіздік - еліміздің ерлік жолы» тақырыбнда 2024 жылдың желтоқсан айының 9-18 күндері аралығында кітап апталығына орай іс – шара жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша «Ата - бабалар мұра еткен Тәуелсіздік» атты тақырыпта мектеп – лицейіміздің кітапханашылары Сейдуллаева Гүлбала апайымыз бен Анарбаева Балжан әріптесіміз жоғарғы деңгейде, дөңгелек үстел ұйымдастырды.













“Құқық бұзушылықтың алдын алу” тақырыбында мектепішілік ұлдар жиналысы

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 14** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 26 Желтоқсан, 14:57 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Құқық_бұзушылықтың_алдын_алу_
#мектепішілік_ұлдар_жиналысы_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейі ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіру, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім орната отырып, бүгін мен болашаққа деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектепішілік ұлдар жиналысы өтті.

Жиналысқа АПБ ЖПҚБ КТІЖ полиция капитаны К. Жаныкулов, мектеп инспекторы Ж.Қонаров, мектеп – лицей директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәлікызы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ахатова Гүлнұр Тұрымтайқызы, педагог-психолог Жумабаева Феруза Зулыпхарқызы және аға тәлімгер Сманова Айгүл қатысты.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» – деп Құлмаханбет Лаззат Өмірәлікызы жиналысты ашып беріп, ұлбаланың орны қашанда бөлек екендігін, еліміздің қорғаны,



16 Желтоқсан – Тәуелсізді күніне арналған **«Қасиет тұнған, құт қонған мекен-аймағым, Тік ұстап келем Тәуелсіздіктің байрағын!»** атты тақырыпта тәрбие сағаты

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гулнур Ахатова** және **тағы 15** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 18 Желтоқсан, 09:43 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#16_Желтоқсан_Тәуелсіздік_күніне_арналған_
#тәрбие_сағаты_
#Қасиет_тұнған_құт_қонған_мекен_аймағым_
#Тік_ұстап_келем_Тәуелсіздіктің_байрағын_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде 16 Желтоқсан - Тәуелсіздік күніне арналған «Қасиет тұнған, құт қонған мекен-аймағым, Тік ұстап келем Тәуелсіздіктің байрағын!» атты тақырыпта 2024 жылдың 13 желтоқсан күні мектеп – лицейіміздің АКТ залында 7 «Ә», «Б» сынып оқушыларымен сынып жетекшілері Жексенбаева Салтанат және Зиманова Ерке әріптестеріміз жоғарғы деңгейде тәрбие сағатын өтті.

Тәрбие сағатының барысында оқушыларымыз көріністер, ән «Желтоқсан желі», «Қарабауыр қасқалдақ» орындайтындар 5 «Ә» сынып оқушылары, туымыздың макетін құрастырады диалог Пілал Нұрсаят пен Оңғар Ұлжан, Әнұранымыз орындалады, «Тек алға» әнімен Ұлжан Бейбітқызы орындады, барлығы қолдарына кішкентай туды ұстап билейді. «Біргеміз» Серікбайұлы Батыржан мен Мәдиұлы Нұртас орындады, би 5 «ә» сынып «Қыздар биі» және «Атамекен» әнін хормен орындады.

Мақсаты: оқушылардың Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнінің тарихи маңызын терең түсінуіне ықпал ету. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасының неден бастау алып, оның не себепті қанды оқиғаға ұласқанын ашып көрсету. Желтоқсан жастарымен таныстыру және тәуелсіздік алу жолдарымен, тәуелсіздіктен кейінгі жетістіктермен таныстыру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық сезімдерін ояту. Тәуелсіздіктің қадірін білуге, оны қорғауға, еліміздің өркендеуіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету. Оқушыларды ұқыптылыққа, саналылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу, есте сақтау қабілеттерін арттыру, мәнерлеп сөйлеуге, сахнада өздерін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру.

Ерекше боп ел жадында қалған күн.
Жасай берсін ұлы күн үміті боп елімнің,
Желбіресін көк туы - нағыз көркі жерімнің.
Мәңгілік болсын, баянды болсын
33 жылдық ғұмырың.

Құтты болсын, мықты болсын Тәуелсіздік тұғырың! - деп, кешімізге арнайы келген қонақтарымыз желтоқсан оқиғасының куәгерлері: Абдраимова Ултай Асилхановна, Жумабекова Бибисара Айткуловна және тарих пәнінің мұғалімі Каттебекова Гулмира Сырбековна қатысып, Ең ұлы мереке - Тәуелсіздік күнімен құттықтап, Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Балалардың болашағы жарқын болсын деп тілектерін арнап, жетекшілеріне алғыстарын айтып, жақсы – көңіл күймен қайтты.

16 Желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған **«Қасиет тұнған, құт қонған мекен-аймағым, Тік ұстап келем Тәуелсіздіктің байрағын!»** атты тәрбие сағаты (7 «Ә», «Б»)













16 Желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған

«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік !» тақырыпта өткізілген іс-шаралар













Кітапханашылар Г.Сейдуллаева мен Б.Анарбаеваның ұйымдастыруымен **“Патриоттық әндер”** кеші өткізілді



Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гулнур Ахатова** және **тағы 13** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 18 Желтоқсан, 12:29 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#16_Желтоқсан_Тәуелсіздік_күніне_арналған_
#Патриоттық_әндер_
#Байқау_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде 16 Желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу мақсатында «Тәуелсіздік - еліміздің ерлік жолы» тақырыбнда 2024 жылдың желтоқсан айының 9-18 күндері аралығында кітап апталығына орай іс – шара жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша «Патриоттық әндер» кешін мектеп – лицейіміздің кітапханашылары Сейдуллаева Гүлбала апайымыз бен Анарбаева Балжан және музыка пәнінің мұғалімі Тоқмырзаева Жанар әріптесіміз жоғарғы деңгейде ұйымдастырды.

Біртұтас бағдарламасы бойынша Нашақорлықтың алдын алу мақсатында “Закладка” және “Соль” деректі фильмдерді көрсету

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гулнур Ахатова** және **тағы 14** пайдаланушымен бірге.

2024 ж. 19 Желтоқсан, 11:35 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Нашақорлықтың_алдын_алу_
#Закладка_
#Соль_
#қысқа_метражды_фильмдер_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №2402 санды хатына сәйкес «Шардара» мектеп – лицейінде Нашақорлықтың алдын алу мақсатында мақсатында 7-11 сынып оқушыларына режиссер Р.Балғабаевтың «Закладка» және «Соль» деректі фильмдері көрсетілді.



Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ұл тәрбиелей отырып, халқымызды қыз тәрбиелей отырып, ұлтымызды тәрбиелейміз» аудандық ата-аналар жиналысы













Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ұл тәрбиелей отырып, халқымызды қыз тәрбиелей отырып, ұлтымызды тәрбиелейміз» аудандық ата-аналар жиналысы









Оқушылардың қысқы демалыс кезіндегі сақтауға тиіс қауіпсіздік ережелерімен таныстыру

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 15** пайдаланушымен бірге.

5d ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Қауіпсіз_демалыс_
#Қысқы_каникул_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушылардың қысқы демалыс кезінде сақтауға тиіс қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, өмір қауіпсіздігі туралы сауаттылығын арттыру, жауапты болуға, мұқият және сақ жүруге тәрбиелеу мақсатында балалардың қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және осы мезгілде балалар мұз астына түсу, көміртегі тұтығымен улану, көктайғақ кезінде немесе қолайсыз ауа-райы жағдайында қауіпсіз мінез-құлық және т.б.) алдын алу ағарту жұмыстары барлық сыныпта өткізіліп, ата-аналардың WhatsApp чаттарына жаднамалар жолданып, профилактикалық және ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырылды.



Оқушылардың қысқы демалыс кезіндегі сақтауға тиіс қауіпсіздік ережелерімен таныстыру

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 15** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 20 Желтоқсан, 17:13 ·

«Қауіпсіздік негіздері»
Жаңа жыл мерекесінде өрт қауіпсіздігін сақтау ережесі!

Жаңа жылдық мерекені атап өту барысында өкінішке орай, кейбір мереке жүргізушілері мен жауапты тұлғалар өрт қауіпсіздігі ережелерін есте сақтап жүрмейді. Жаңа жыл шыршасы мерекесін жүргізуде және оны құруда, өрт қауіпсіздік талаптарының сақталуы өте қажет. Шырша берік және мықты орнатылуы керек. Шыршаны әрлі-берлі өтетін жерде немесе шыға берісте орнатпау керек. Қабырғамен шыршаның және төбе мен шыршаның арасы жарты метр болу қажет. Мекеменің баспалдақ торларынан немесе сыртқы шыға берістен, екі эвакуациялық шығу жолдары болуы тиіс, сонымен бірге өртке қарсы құралдарымен қамтамасыз етулі қажет. Шыршаны безендіру барысында, тез жанатын целлуоиданы, мақтаны, қағаздарды және тағы да басқа тез жанатын заттарды қолдануға тыйым салынады. Шыршаның иллюминациясын рәсімдеуді өте тәжірибелі электрмонтер орнату керек. Шыршаның иллюминациясының түсіруші трансформатор арқылы жоғары кернеулі тоқтың төмендеу жағымен 24 В-тан жоғары емес орнату қажет. Шырша – электр құрылу орнатуының ережесіне сай, мықты монтаждалып құрылуы тиіс. Бенгальдық оттармен, пиротехникалық оттармен, шартылдақ және басқада химиялық заттармен жарық



Мектеп асханаларын жаңғырту және пайдалану

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 12** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 23 Желтоқсан, 14:33 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Мектеп_лицей_асханасы_
#Ақпараттық_бағдарламалық_кешен_

Түркістан облысының білім басқармасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жоспарлы жүзеге асырылып келе жатқан «Мектеп асханаларын жаңғырту және пайдалану» жобасы бойынша конкурстың жеңімпаздары анықталып, барлық білім беру ұйымдарының асханасында мемлекеттік-жекешелік әріптестік (ГЧП) бір мезгілдік ыстық тамақ берілуде.

Шардара ауданының білім бөліміне қарасты "Шардара" мектеп – лицейі асханасына ақпараттық-бағдарламалық кешені орнатылып, қазіргі таңда мұғалімдер оқушыларға және оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізуде. ИП. Дария ШНР кәсіпкері Пантаева Асел Садыковна "Шардара" мектеп-лицей асханасына стол орындықтарымен қоса, ыдыс аяқтар қайта жаңартылып жабдықталды.



“Мамандықты қалай таңдау керек?” тақырыбында зерттеу жұмысы

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 15** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 24 Желтоқсан, 16:20 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Мамандықты_таңдау_болашақты_таңдау_
#Мамандықты_қалай_таңдау_керек_
#Кәсіби_бағдар_беру

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушыларға кәсіби бағдар беру, оларды әртүрлі мамандықтар туралы ақпаратпен таныстыру мақсатында 2024 - 2025 оқу жылындағы бейіндік және кәсіптік бағдар беру педагогінің жоспары негізінде, «Мамандықты таңдау – болашақты таңдау» атты аудандық жобаның жүзеге асыру жоспарына сәйкес, бүгін 9-11 сынып оқушыларымен "Мамандықты қалай таңдау керек?" тақырыбында зерттеу жұмысы қолға алынды.

Жобаның мақсаты: мамандық таңдауда өз қызығушылықтары мен қабілеттері маңызды рол атқарады. Болашақ мамандық таңдағанда адамның жүрек қалауы мен оған деген бейімділігі басым болуы тиіс.

Міндеті: болашақтағы мамандықтардың саласына қатысы мен байланысын анықтау.

Күтілетін нәтиже: болашақтағы пайда болатын жаңа мамандықтар жайлы тың ақпараттар алу.

Сонымен қатар, жобаға дирепктордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Қалшабеков Сембай, кәсіптік бағдар беру педагогы Кидирова Ақнұр, Зиманова Ерке және АӘД мұғалімі Журсінов Бақдаулет әріптестеріміз оқушыларға мамандықты дұрыс таңдауға бағыт – бағдар берді.



“Мамандықты қалай таңдау керек?” тақырыбында зерттеу жұмысы





Алдын алу ағарту жұмыстары

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 14** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 24 Желтоқсан, 14:21 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Педагог_психолог_
#алдын_алу_ағарту_жұмыстары_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімі, облыстық білім басқармасының 2024 жылдың 10 желтоқсан күнгі №25/7135 санды хатына және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №1612/5140-1 санды хатын басшылыққа алып, «Шардара» мектеп – лицейінің педагог – психологы Жумабаева Феруза апайымыз аталған білім ордасында психологиялық қызметтің жұмысын күшейту мақсатында сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің күнделікті сабақта оқушылардың жай – күйін бақылап, байқаған өзгерістерін дер кезінде педагог – психологтарға жеткізуін қатаң қадағалауға алып жұмыс жасауда.

Сонымен қатар, педагог – психологтардың жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында мектеп – лицейі сынып сағаттарына жетекшілерімен бірлесе педагог – психологтар әр оқушының ішкі ойын ашуға, өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал жасап, алдын алу ағарту жұмыстарын жүргізуде.



Сатылғанова Мадина 6 “А” сыныбымен **«Республикамыздың жер қойнауындағы байлық қоры қандай»** тақырыбында жоғарғы деңгейде ашық сабақ өтті.

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 13** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 25 Желтоқсан, 11:34 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#ТӘУЕЛСІЗДІК_ТҰҒЫРЫМ_
#тарих_және_география_пән_бірлестігі
#Заттар_мен_материалдар_бөлімі_
#Республикамыздың_жер_қойнауындағы_байлық_қоры_қандай_
#ашық_сабақ_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде Отанымызға деген сүйспеншіліктерін арттыру, патриоттық сезімге баулу, елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу мақсатында тарих және география пән бірлестігінің «ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ» атты тақырыбында іс-шара жоспары бойынша география пәні мұғалімі Сатылғанова Мадина әріптесіміз 6 «А» сыныппен Заттар мен материалдар бөлімі бойынша «Республикамыздың жер қойнауындағы байлық қоры қандай» тақырыбында жоғарғы деңгейде ашық сабақ өтті.



“Қайырымдылық - жылы жүректен” жаңа жылдық құттықтау

Шардара Мектеп-лицейі қазір **Гаухар Шамеева** және **тағы 12** пайдаланушымен бірге.
2024 ж. 25 Желтоқсан, 13:01 ·

#Oqu_agartu_ministrligi
#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_
#Қуанса_бала_қуансын_
#жаңа_жылдық_құттықтау_

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде балаларға мерекелік көңіл сыйлау, биылғы кіретін жаңа жыл жылан жылы екенін айту, көңілді де, қызықты ойындар ойнату арқылы достық қарым – қатынастарын арттыру, бірлікке тәрбиелеу мақсатында
атаулы мерекені барша балалар асыға күтеді, соның ішінде ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және мүмкіндігі шектеулі яғни, үйде оқитын балаларға мерекелік іс – шара өтті.

Мерекелік шараға мектеп-лицей директоры Лаззат Өмірәлікызы, Бибигул Рахманқұлқызы, Гүлнұр Тұрымтайқызы, Қарлығаш Абдисаттарқызы, Роза Абзалқызы, Құндыз Асқарқызы қатысты.

«Қайырымдылық – жылы жүректен» - деп, жүрекке жылылық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді білім ұясының директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәлікызы Егеменді еліміздің жарқын болашағы – бүгінгі жас бүлдіршіндер. Сондықтан, барлық игі жақсылық пен жүрек жылулығы балғын балаларға Жаңа жыл мерекесімен құттықтап сыйлықтарын табыстады.


Сонымен қатар, жаңа жылды көтеріңкі көңіл - күймен қарсы алған бүлдіршіндер ән - жырдан шашу шашып, би билеп, өнерлерін ортаға салып, фотосуретке түсіп, балаларымыз жақсы көңіл – күймен қайтты.

Өскелең ұрпақтың бақытты балалық шағы – бұл біздің міндетіміз, балаларымыздың өмірі жарқын болып, аман болсын!



2024-2025 оқу жылының
ІІ жарты жылдығында
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
атқарылған іс-шаралар туралы
мәлімет




Көңіл қойып
тыңдағандарыңыз үшін
рахмет!